

6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Абиров Данияр Ақпаровичтің «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбында дайындалған диссертациясы бойынша тағайындалған ресми рецензент Атемова Қалипа Тұрсынқызының жазбаша пікірі

№	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламала рға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымның даму бағыттарындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес. Бүгінгі ұсынылып отырған тақырыптық ғылыми - зерттеу жұмысы қоғамның сұранысынан туындаған көкейкесті мәселені шешуге бағытталған еңбек болып табылады.</p> <p>Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында және Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасындағы басты қағидаттарды басшылыққа алған және сол кезеңдегі отандық білім жүйесін реформалау мен жетілдірудің басқа директивтік – нормативтік құжаттарында білім беруді жүзеге асыру міндеттеріне де салыстырмалы талдаулар жасап қарастырғандығы анық орын алаған. Мәселен, 1995 жылғы Қазақстанда жаңа Конституция, ҚР «Білім беру туралы» жаңа Заңы /1999 ж. 7 маусым/ осы Заң аясында бұрынғы талаптық-құқықтық ережелер жетілдіріліп, мемлекеттік «Білім» бағдарламасы білім беру жүйесін реформалаудағы гимназиялардың қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелері, /Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңнама: Заң актілерінің жинағы, 2004. 1992, 1999, 2007 жылдары қабылданған «Білім туралы» Заңдарын толықтырулары мен ерекшеліктеріне мән бере отырып, әлеуметтік және педагогикалық тәжірибеде орын алуы мен қажеттіліктерінің мәніне тоқталған.</p> <p>Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша, қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығы (30.07.2019 ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). ҚР білім және ғылым министрлігінің 27.04.2012 ж. №194 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы №873 Қаулысы. т.б. мәселесі қарастырылған.</p> <p>Сонымен қатар, диссертант тақырыпқа сәйкес өткен мемлекеттік құрылымдағы тарихи және қазіргі</p>

			<p>білім беруді жүзеге асыруға бағытталаған түрлі құқықтық-талаптық ережелерді, нұсқаулықтарды т.б. құжаттарға кеңінен талдаулар жасағандығы <i>сәйкестікке</i> негіз бола алады.</p> <p>1.3 Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми - техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес: Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында (11-бап, 3-тармақ) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды қағидаттарының көрінісі. Отандық білім беру жүйесіндегі мектеп құрылысының даму тарихы мен құрылымдық тиісіне қарай мазмұндық ерекшеліктеріне мән беріп, олардың дамуы мен бүгінгі білім беру жүйесіндегі педагогикалық үдерісте оқушы тұлғасының дамуына негіз бола алады. Педагогикалық тәжірибелерді ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талдап, жүйелеп қажеттілігін аша отырып, ақиқаттық көзқарастарды қалыптастыруды жүзеге асырудағы негіздемелі сәйкестікті білдіреді. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 27.12.2019 ж., ҚР Үкіметінің №988 қаулысында.</p> <p>2019 жылдың желтоқсан айында қабылданған Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі» заңының қабылдануы, педагог қызметіне қатысты кәсіби іс-әрекеттерінде лицей-гимназиялардың оқу-тәрбие үдерісін жүргізілуі, олардың өзіндік мазмұндық құрылымын ерекшеліктерін басшылыққа алу қажеттілігі, педагогтың кәсіптік міндеттемелерін талдау жасау арқылы <i>сәйкестік</i> ретінде мәнге ие болады.</p>
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ ашылмаған.	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады, оның маңыздылығы да жақсы ашылған. Себебі, Абиров Данияр Акпаровичтің «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбына дайындалған.</p> <p>Диссертациялық зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады және төмендегідей мәнде ашылғандығында: <i>Біріншіден</i>, білім беру жүйесіндегі гимназия және лицей типіндегі мектептердің қалыптасуы мен дамуын тарихи-педагогикалық тұрғыдан жүйелеу арқылы ғылыми педагогикалық және білім тарихы бағытында кеңінен талдаулар жасалған (1991-2017 жж);</p> <p><i>Екіншіден</i>, 1991-2017 жылдардағы Қазақстандағы гимназия және лицейлердің құрылымдық мазмұнын айқындауда ғылыми-әдістемелік және тәжірибелік тарихи мұра тұрғысынан мазмұнын ашқан;</p> <p><i>Үшіншіден</i>, зерттеуге алынған 1991-2017 жылдар кезеңіндегі Қазақстанда лицей мен гимназиялардың педагогикалық жүйесінің құрылуын білім тарихы тұрғысынан талдау жасай келе, олардың қазіргі осы</p>

			<p>типтегі мектептердің мазмұндық құрылымымен сабақтастығын анықтаған;</p> <p><i>Төртіншіден</i>, 1991-2017 жылдар арлығындағы гимназия және лицей типіндегі мектептердегі тарихи-педагогикалық жүйенің қалыптасуы мен дамуын элективті курс арқылы оқытудың қажеттілігін эксперименттік зерттеу арқылы жүргізу негізінде анықтап, дәлелдеген.</p> <p>Демек, аталмыш мәселенің қазіргі кездегі қажеттілігі мен оның білім беру тарихында бізге дейін ғылыми педагогикалық тұрғыдан жүйелі түрде зерделеніп, талдау арасында жоғарыда келтірілген қарама-қайшылықтарды жою үшін және педагогика тарихын жүйелеп, толықтыру мақсатында, диссертациялық зерттеу жұмысы тақырыбы толығымен ашылған деп айта аламын.</p>
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	<p>Ізденуші зерттеу жұмысын өз бетінше орындау деңгейі жоғары. Ол зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми және тарихи-педагогикалық еңбектерді ауқымды қарастырып, зерделеп, өзіндік ой-пікірлер мен қорытындылар жасап дәлелдеп, өзіндік қорытындылар негізінде ұсыныстар берген.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды? 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлік принципіне келсек, оның өзектілігі талапқа сай дайындалып, Д.А. Абиrowтың қол жеткізген барлық нәтижелері зерттеу шеңберінде өзара қисынды байланысқан. Жұмыстың ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары зерттеу нысаны мен пәні, зерттеудің мақсаты мен міндеттері <i>ішкі бірлікке негізделіп</i>, орындалған.</p> <p>Зерттеу негізгі қағидалары және оның нәтижелік көріністері ғылыми ізденістік шығармашылық жұмыстары тұрғысынан шетелдік және отандық журналдарда мақала түрінде жарияланған еңбектері <i>негіз</i> бола алады.</p> <p>Диссертацияның мазмұны «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» зерттеу тақырыбын <i>толық айқындайды</i>. Жұмыста зерттеу үдерісінің барлық негізгі компоненттері келтірілген. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, тұжырымдар мен қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімін құрайды. Талдау жұмысы зерттеудің басты мәселелері шеңберіне сәйкес жүргізілген.</p> <p>Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация <i>тақырыбына сәйкес</i> келеді. Мәселенің қазіргі кездегі қажеттілігі мен оның білім беру тарихында бізге дейін ғылыми педагогикалық тұрғыдан жүйелі түрде зерделенді. Ізденуші ғылыми және жалпы педагогика мен білім тарихына қатысты заңдылықтарын басшылыққа ала отырып, қойылған мақсат-міндеттерін толық орындаған.</p>

<p>келмейді.</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан. Оған негіз:</p> <p><i>«Егемен Қазақстанда гимназия және лицей мектептерінің жүйесін құруының тарихи-әдіснамалық негіздері»</i> бірінші бөлімде 1991-2017 Қазақстанда гимназия және лицей мектептерінің құрылуының қоғамдық – әлеуметтік сипатын ашып, осы типті мектептердің білім беру жүйесінің құрылуының тарихи – педагогикалық аспектісі негізделген. Зерттеу кезеңінде гимназия және лицей мектептерінің тарихи-педагогикалық тәжірибелік мазмұны білім тарихы тұрғысынан жүйелеп, теориялық-әдістемелік негіздемесін береді. Сондай-ақ, гимназия және лицей мектептердің қалыптасуы мен дамудағы өзіндік ерекшеліктері, олардың тарихы және даму бағыттық бағдарламалары қарастырылып, талданған.</p> <p><i>«1991-2017 жылдардағы Қазақстандық гимназия және лицей типіндегі мектептердегі оқу-әдістемелік жұмыстарының тарихи-педагогикалық тәжірибесі»</i> екінші бөлімде зерттеу аумағына енген 1991-2017 жылдардағы кезеңіндегі білім беру тарихындағы гимназия және лицейлердегі оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың тарихи-педагогикалық тәжірибесінің бүгінгі күнмен ұласымдылығы қарастырылып, салыстырмалы сипатталаған. Сондай-ақ, зерттеу тақырыбы аясында Қазақстандағы «Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыптағы элективті курсты енгізу және эксперименттік зерттеу жұмыстары арқылы тәжірибелік тұрғыдан негіздеуі орын алаған.</p> <p>Теориялық талдаулары мен тәжірибелік эксперименттік жұмыстары бірін-бірі толықтырып, өзара ішкі үйлесімдік пен логикалық бірлікті береді.</p>
<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне</p>	<p>Диссертациядағы автордың ұсынған жаңа ғылыми шешімдер (қағидаттар мен әдістер) негізделіп, бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып, <i>сыни тұрғыда талданған.</i></p> <p>«1991-2017 жылдардағы қазақстандық гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы кезеңінде орын алған педагогикалық құбылыстарға және оларды тәлімдік мұралық тәжірибе тұрғысындағы тарихи-педагогикалық талдауларға сыни тұрғысынан қарай отырып, өзіндік жеке көзқарастық ой түйіндеулерін береді.</p> <p>Мәселен, гимназия және лицей мектептерінің педагогикалық үдерісінің тарихи-педагогикалық тәжірибесінде оқушыларға жаңа бағытта білім мен тәрбие беруін ұйымдастыру мәселелері бойынша орын алған ой-пікірлерге талдау жасай отырып, білім беру тарихындағы педагогикалық құнды мұралардың мәні ашылып, олардың бүгінгі кезеңімен сабақтастық пен</p>

		негізделген; 4) талдау жоқ.	<p>ұласымдылықта болуына салыстырмалы талдаулар жасағандығы.</p> <p>Сондай-ақ, зерттеуші гимназия және лицей мектептерінде, педагогикалық қызмет жасауға болашақ педагогтардың кәсіби қабілеттілігінің сәйкес келуін бағыттау барысында өткеннің тарихи-педагогикалық білімді оқыту және жеткілікті деңгейде меңгеру қажеттілігіне сыни көзқараспен келгендігін көре аламыз. Оның негізіне енгізілген элективті курсты негіздеу мен қажеттілігін дәлелдеу барысында жүргізген эксперименттік зерттеу жұмыстары мен онда қолданылған. «Қабілет деңгейін анықтау» мен «Кәсіби-педагогикалық өзін-өзі дамытуға ішінара дайындық деңгейінің диагностикасы» әдістемелерін қолданғандығы <i>сыни</i> тұрғыдан келуі мен оларды <i>талдауының</i> негізі бола алады.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принцип	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелеріндегі ережелері тарихи-педагогикалық негізделу тұрғысынан <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p> <p>Д.А.Абировтың диссертациялық зерттеуінде ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <i>толығымен жаңа</i>.</p> <p><i>Бірінші ғылыми нәтиже жаңа</i> – 1991-2017 жылдардағы отандық гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуын тарихи-педагогикалық тұрғыдан негіздеу, білім беру тарихының теориялық және әдіснамалық тұрғыдан мәнін толық ашылу, <i>толығымен жаңа</i> ғылыми тұжырым болып саналады.</p> <p><i>Екінші ғылыми нәтиже жаңа</i> – педагогика тарихы мұрасындағы (1991-2017 жж.) гимназиялар және лицей мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмыстарының ғылыми-педагогикалық тәжірибелерін тарихи, қоғамдық-әлеуметтік және ұлттық мәдениеттің жетістіктері тұрғысынан көзқарас қалыптастырып, жүйелеу <i>толығымен жаңа</i> ғылыми бағыт деуге болады.</p> <p><i>Үшінші ғылыми нәтиже</i> – зерттеудің хронологиялық кезеңдеріне енген уақыттағы гимназия және лицей мектептерінде мазмұндық құрылымдық жүйесіне ғылыми-педагогиканың тарихи мұрасы тұрғысынан талдаулар жасала отырып, олардың бүгінгі күндегі осы типті мектептермен өзара ұласымдылық байланысын негіздеуі – болашақ педагог мамандарды осы түрдегі мектептерде кәсіби қызмет атқаруға дайындау мен оларды бейімдеуге бағытталған зерттеу жұмысының мазмұны <i>толығымен жаңа</i> ғылыми тұжырым болып табылады.</p> <p><i>Төртінші ғылыми нәтиже</i> – 1991-2017 кезеңдегі гимназия және лицей мектептердегі мазмұндық құрылымның қалыптасуы мен дамуындағы педагогикалық үдерістердің өзіндік ерекшеліктерін</p>

			оқытуға бағытталған Қазақстандағы «Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» элективті курсты ЖОО-ның педагогикалық үдерісіне ендіруі мен эксперименттік зерттеу жұмыстары арқылы дәлелдеп негізделуі, бұл зерттеу саласында <i>толығымен жаңа нәтиже</i> болып саналады. Қазақстандық білім беру тарихының даму үрдісінде еліміздегі жинақталған отандық педагогикалық тәжірибелік жұмыстарды, соның ішіндегі 1991-2017 жылдарындағы білім беру жүйесінде гимназия және лицей типіндегі мектептердің дамуын зерттеп, қорытындылау және бағалау, бүгінгі және келешек мектептер жүйесінің, құрылымдық жүйесінің дамуына өзек еткен және болашақ педагог мұғалімдерді осы типті мектептерде кәсіби қызметтерін атқаруға бейімдеуге және оны жетілдіруге нақты үлес қосады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның <i>бірінші, екінші, үшінші және төртінші</i> қорытындылары <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. Зерттеудің әзірленген теориялық ережелері, тұжырымдары мен ұсыныстары, Қазақстандағы 1991-1917 жылдар аралығындағы гимназия-лицей типіндегі мектептердің қалыптасуы мен дамуы бағыттарына тарихи-педагогикалық мұраларға теориялық талдаулар жасалып, сипаттамалар берілген. Заңды - құқықтық ережелер түріндегі құжаттарға және мұрағаттық деректерге сүйену барысындағы мәліметтер теориялық тұрғыдан талданған. Жұмыстың тәжірибелік жағы ЖОО-дағы педагогикалық мамандықтардың оқу-тәрбие үдерісіндегі білім беру тарихы курстарының теориялық білімдерін жетілдіріп, толықтырылуы қамтамасыз етуге бағытталаған эксперименттік зерттеу жұмыстарының нәтижесімен дәлелденіп, негізделген. Зерттеу жұмысы қорытындысы диссертациялық зерттеудің міндеттеріне толық және сәйкес ашылып, орындалуымен негізделген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеуде ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық және басқарушылық шешімдер <i>толығымен жаңа</i> әрі ғылыми-педагогикалық және білім тарихының мұрасы тұрғысынан негізделген. Теориялық бөлім мен тәжірибелік бөлімдердегі шешімдер мен негіздемелер өзара ішкі үйлесімдікті құрайды және қажетті ғылыми жарияланымдармен дәлелді.
6	Негізгі қорытындылардың	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан	Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды <i>дәлелдемелерде негізделіп, диссертант</i>

	негізділігі	қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негіз делмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	негізгі нәтижелерін 12 мақалада жариялаған. Оның ішінде: Scopus деректер қорына енетін жарияланымда -1, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда - 3 мақала, ҚР ұйымдастырылған және халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында - 8 мақала жарық көрген және зерттеу жұмысына қатысты 1- авторлық куәлік алған. Барлық қорытындылар ауқымды дәлелдермен негізделген. Бұл диссертация қорытындысында кең мазмұнда қарастырып, әрбір тұжырым нақты ғылыми негіздерге сүйеніп жасалған.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру</p>	<p>7.1. Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар дәлелденген.</p> <p>7.2. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа.</p> <p>7.4. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.4. Автордың жеке қатысуы диссертацияда баяндалған және халықаралық және республикалық конференцияларда, журналдарда ғылыми мақалалары жарияланған.</p> <p>Оған негіз: Д.А.Абировтың диссертациялық зерттеу нәтижелері Отандық білім беру тарихындағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуының тарихи-педагогикалық негіздегі (1991-2017жж.), «Білім берудің тарихи-педагогикалық мұрасындағы оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастырудың ғылыми-педагогикалық негіздерін қоғамдық-әлеуметтік және ұлттық мәдениеті деп жүйелеуі», «Гимназия және лицей мектептерінің құрылымдық жүйесіне тарихи және ғылыми-педагогикалық тұрғыдан талдау және бүгінгі күнге ұласымдылық байланысын негіздеуі», Қазақстандағы «Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен даму (1991-2017 жж.)» тақырыптағы элективті курсты ЖОО-ның педагогикалық үдерісіне ендіру арқылы эксперимент арқылы қажеттігін дәлелдеуі» және мазмұндық тұрғыдан нақтылануы дәлел бола алады. Бұл қағида жаңа, ғылыми тұрғыда дәлелденген, кең қолданыс таба алатын және тривиалды емес.</p> <p>Зерттеу нәтижелері:</p> <p>1. Innovative features of education in Kazakhstan's Lyceum-Gymnasium. Cypriot Journal of Educational Sciences. Volume 17, Issue 1, (2022) 159-173 www.cjes.eu https://doi.org/10.18844/cjes.v17i1.6693 https://orcid.org/0000-0002-1533-7875 мақаласында ғылыми негізделген.</p> <p>2. Қазіргі қоғамдағы инновациялық мектептердің ерекшеліктері. «Рухани жаңғыру – Қазақстанның</p>

серпінді дамуының негізі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары., Талдықорған, І.Жансүгіров ат. ЖМУ. 2018, 57-60 бб.

3. Қазақстандағы заманауи гимназиялық білімнің даму мәселелері. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №1 (74), 2019, 38-41 бб.

4. Траектория развития системы образования лицеев: сравнительный анализ Казахстана и зарубежных стран. Центр научных публикацій Збірник наукових публикацій, «IV Міжнародна конференція «наука в епоху дисбалансів», (м. Київ | 30 листопада 2018р.), 2 частина - С.-38-44.

5. Қазақстандағы жаңа үлгідегі білім беру мекемелерінің ерекшеліктері. Қазақстанның ғылымы мен өмірі., №2 (77), 2019, 89-92 бб.

6. Основные направления учебно-воспитательного процесса в лицеях и гимназиях. Инновационный потенциал развития науки в современном мире «НИЦ Вестник науки» Уфа, 31 октября 2019 г., Часть 3, С. 27-37.

7. Развитие университетского образования в аспекте подготовки студентов окончившие лицей и гимназии «Сборник с научни доклади» (трета книга), - Болгария, Издателство; ЕКС-ПРЕС, 2019., - С. 161-166.

8. Публично-социальный характер создания в Казахстане образовательных учреждений типа лицей и гимназии "Prospects for the Development of Modern Science" Materials of the V International Scientific-Practical Conference Международная конференция, - Сеул, Корея , 11-13 март 2020г., -Часть 2,-С.115-123.,

9. History of Formation of Lyceums and Gymnasiums in Kazakhstan and Peculiarities of their Educational Activities Talent Development & Excellence Vol.12, No.1, 2020, -495-506 pp.

10. Content system of the lyceum and gymnasium educational program. BULLETIN OF THE KARAGANDA UNIVERSITY, - №4,(100) - 2020, - 55-62 pp.

11. «История появления первых лицеев и различия в образовании в современности». Образование от «А» до «Я» научно – практический журнал. –2024. –№2. – С. 7-11.

12. «The history of the first lyceums and the differences in education in modern times». Science in the environment of rapid changes. – 2024. –№195.

Зерттеу нәтижелері автордың 12 ғылыми жарияланымдарында көрініс тапқан. Олардың ішінде Scopus халықаралық деректер базасына енгізілген ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар-1. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 3.

			Зерттеулер, жақын және алыс шет елдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарық көрген саны -8 және 1-авторлық куәлік алған.
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ	Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған. Зерттеу аумағына енетін кезеңдегі білім тарихына қатысты мұра болып табылатын тарихи-педагогикалық еңбектерге, мұрағаттық дерек көздеріне және заңды-құқықтық құжаттарға салыстырмалы-тарихи талдау, зерттелетін тақырып бойынша деректерді логикалық-тарихи, теориялық-әдіснамалық негізде қарастырылуы және жүйелік талдау, сұрыптау, жалпылау, саралау және жалпы зерттеу нәтижелерін эксперименттік жұмыстар арқылы қорыту, бағалау. Ізденушінің ғылыми зерттеу жұмысындағы тарихи әдіснаманы таңдау мен оны ғылыми педагогиканың теориялық және әдістемелік жүйесіне негізделген нақты білім тарихы бағытында жазылған әдіснамалық білімдерді құрайды.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияның нәтижелері заманауи зерттеу әдістер негізіндегі компьютерлік технологияларды пайдалану мен мәліметтерді өңдеуде интерпретациялау әдістерін қолдану арқылы алынған. 1991-2017 жылдар арлығындағы гимназия және лицей типіндегі мектептердегі педагогикалық жүйенің қалыптасуы мен дамуын анықтауға бағытталған «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» элективті курс және тәжірибелік жұмыстардың нәтижесін өңдеу кестесі мен диаграмма мен графикалық суреттерін салуда қазіргі жаңышыл әдістерді қолданғандығы дәлел бола алады.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент	Диссертацияның теориялық бөлімдегі қарастырылған тарихи-педагогикалық мұраларды бүгінгі білім тарихы жүйесі негізінде жаңа көзқарастық қорытындылар жасап, негіздеулері, екінші бөлімдегі тарихи-әдістемелік тәжірибенің мазмұндық құрылымының педагогикалық құбылыс ретінде орын алған жағдайларын талдаулар арасында өзара ішкі байланыстар орын алаған. Оның негізі элективті курсты оқытудың қажеттілігін тәжірибелік жұмыстары арқылы дәлелдеу және расталған. Жеке тұлғаны, білім жүйесінде қайта құру, модернизациясын дамыту мен қалыптастыру жайлы тарихи диалектикалық даму заңдылықтары, тарихи педагогикалық құбылыстарды зерттеудегі ақиқаттық пен шындық, тарихи жүйелікті сабақтастықтары расталаған. Диссертациялық жұмыста теориялық

		<p>негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>тұжырымдардың дұрыстығын және білім тарихындағы педагогикалық тәжірибенің ғылыми негіздері ашылған. Зерттеудің тәжірибелік эксперименттік жұмыстарды: І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің 5B010300 - «Педагогика және психология» мамандығынан 83 білімгер. Қайнар академиясынан 90 білімгер, арнайы енгізілген «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» элективті курсты осы мамандық бойынша - 173 білімгер оқыды. Бұл 2017-2020 жылдарында жүргізілген тәжірибелік экспериментке қатысқан білімгерлер.</p> <p>2022-2023 оқу жылында зерттеу жұмысының тәжірибелік мазмұнын толықтыруда І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Жаратылыстану» жоғары мектебінің - 116 білімгер. Онда: Математика-33; Биология-30; Химия-19; Химия-биология -34;»</p> <p>«Гуманитарлық ғылымдар» жоғары мектебінен-140 білімгер: Онда: Қазақ тілі мен әдебиеті-42; Шет тілі: екі шеттілі- 68; Тарих-30.</p> <p>«Педагогика және психология» жоғары мектебінен-74 білімгер. Онда: «Педагогика және психология»-39; Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі - 35 білімгер. Үш жоғары мектептен - 330 студент қатыстырылған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Ізденуші Д.А.Абировтың «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерге, ҚР білім беру саясаты аясындағы заңдар мен бағдарламалар және білім беруді реттеуші нормативтік-құқықтық құжаттары мен отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне, Scopus деректер қорына енетін журналдарға, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған ғылыми мақалаларға сілтеме жасау арқылы <i>расталған</i>.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/ жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер көзі жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 184 онда, отандық және шетел ғалымдардың осы бағыттағы теориялық талдау еңбектері мен тарихи зерттеулері, республикалық және облыстың мұрағаттық қор деректері кеңінен қарастырып, жеткілікті деңгейде әдебиеттік шолулар жасалаған.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңыздылығы <i>бар</i>. Өйткені, тақырыптық зерттеу жұмысы педагогика ғылымы мұрасындағы мектептердің, соның ішінде, гимназия және лицейлердің қалыптасуы мен дамуындағы білім тарихындағы тәжірибелік білімдердің мазмұнын ақиқаттық пен шындық тұрғысынан аша отырып, оларды бүгінгі теориялық</p>

			<p>білім тұрғысынан толықтырудағы жасалған жаңа көзқарастық тұжырымдалған ғылыми қорытынды мен нәтиженің жаңалығының бар болғандығымен дәлелді. Олар төмендегідей мазмұнда көрініс тапқан:</p> <p>Гимназия және лицейдің білім беру тарихын яғни, ұлттық мектептерді қалыптастыру аясында Отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектерімен, ұлт-зиялылардың көзқарастық пікірлерімен салыстыра отырып, теориялық талдау жасап, кешенді зерттеулерді жүргізу арқылы ізденуші жеке өзіндік талдау мен қорытынды жасауы нәтиженің маңыздылығының бар екендігіне дәлел.</p> <p>Гимназия және лицей мектептеріндегі педагогикалық үдерістерді ұйымдастырудағы тарихи, ғылыми-әдістемлік жұмыстар мен олардың қалыптасуы мен дамуы және өзіндік ерекшеліктері, мазмұндық құрылымдық педагогикалық жүйесін мазмұндық құрылымын ашып, теориялық негіздемелер жасауымен бүгінгі күнмен сабақтастығы ұласымдылығын ашуы нәтижелердің маңыздылығына негіз бола алады.</p> <p>Болашақ педагогтардың Қазақстандағы гимназия және лицей мектептердің даму тарихындағы (1991-2017 жж.) алдыңғы қатарлы тәжірибелік білімдерді меңгеру арқылы бүгінгі осы типті мектептерде педагогикалық қызметті атқаруға кәсіби тұрғыдан даярлығын іске асыру бағытында ЖОО-ның педагогикалық үдерісіне енгізген элективті курс бағдарламасын жүргізуі және эксперименттік зерттеу арқылы негіздеу нәтижесінен алынған теориялық білімдер маңызды болып табылады.</p>
	<p>9.2</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) иә;</p> <p>2) жоқ.</p>		<p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді <i>практикада қолдану мүмкіндігі жоғары</i>. Оның негізі зерттеудегі тәжірибелік эксперименттік жұмыстарға өзек болған автордың Қазақстандағы «Гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен даму (1991-2017 жж.)» атты элективті курстың қажеттілігін ЖОО-ның педагогикалық үдерісіне ендіруі, эксперимент жұмысын жүргізу арқылы дәлелдеуі және одан алынған тәжірибелік білімдерді болашақ мұғалімдерді кәсіби мамандыққа даярлауда педагогика тарихы мен теориясын оқытуда қолдануды жүйелі іске асырылуы құзырлы педагогтарды даярлаудағы үдерісте тиімділігі мен жоғары мәнділігін көрсетті.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75%жаңа);</p> <p>3) жаңа емес</p>		<p>Практикалық ұсыныстар <i>толығымен жаңа</i> болып табылады.</p> <p>Зерттеу жұмысы аясында ұсынылған практикалық ұсыныстар <i>толығымен жаңа</i> сипатқа ие. Аталған зерттеу нәтижелері болашақта мұғалімдерді даярлаудағы педагогика курсы мен білім тарихына қатысты білімдерді жетілдіруге және осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге негіз бола алады.</p>

		(жаңасы 25%- дан кем)	
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Академиялық жазу сапасы тұрғысынан диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде орындалған. Жазу тілі мен стилі ғылыми еңбектерге қойылатын талаптарға сай келеді. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнының рәсімделуі ғылыми-зерттеу жұмыстарына қойылатын ресми талаптарға толық сәйкес келеді.
11	Диссертацияға ескертулер		<p>Ізденуші Д.А.Абировтың «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысындағы кемшіліктері түзетіліп қайта қорғауға ұсынылған. Комитет expertінің ескертпелері толығымен жойылған және диссертация жаңаланған. Менің тарапымнан жалпылама ескертпе; Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептер мен гимназия және лицей мектептерін салыстармалы түрде ауқымды талдау болса дұрыс болар еді.</p> <p>Дегенмен де, көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұсқан келтірілмейді және академиялық адалдық принциптеріне сәйкес деп бағалаймын.</p> <p>Ұсыныс; Ізденуші зерттеушілік жұмысын жалғастырып, отандық педагогика тарихының теориялық және тәжірибелік білімдерін толықтыруға бағытталаған жұмыстарын жалғастыруда ауқымды еңбектер жазылса деген ұсынысым бар. Өйткені, кейінгі уақыттарды отандық педагогика тарихына қатысты зерттеушілік еңбектер тапшы болып барады.</p>
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми		Ізденуші Д.А.Абировтың диссертация ясында жүргізілген зерттеулерінің негізгі нәтижелері талапқа сәйкес тиісті ғылыми журналдар мен басылымдарда жарияланған. Жарияланған мақалаларының мазмұны диссертациялық жұмыстың мазмұнына толық сәйкес келеді.

	денгейін зерделейді)		
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес		Абиров Данияр Акпаровичтің «Қазақстандағы гимназия және лицей мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1991-2017 жж.)» тақырыбындағы орындалаған диссертациялық жұмысы (6D010300/8D01101 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық сәйкес келеді деген пікірімді білідіремін.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті педагогика ғылымдарының докторы, профессоры



Қ.Т. Атемова

